

Қазақстан Республикасының халқына кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің м.а 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 647 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 24 қазанда № 7273 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 33 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.03.2023 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 32-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халқына кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары туралы ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ғ. Төлеғалиева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті (Бесбалаев Қ.Б.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін оны ресми түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін
атқарушы

С. Мусинов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 647
бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының халқына кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының халқына кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 32-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық тиістілігіне қарамастан кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметін реттейді.

2. Халыққа (ересектер мен балаларға) кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі қанайналым жүйесі ауруларымен (бұдан әрі – ҚАА) науқастарды ерте анықтауға, емдеуге және медициналық оңалтуға бағытталған.

3. Халыққа (ересектер мен балаларға) кардиологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысын штаттан тыс бас кардиологы, интервенциялық кардиологиялық көмекті штаттан тыс бас интервенциялық кардиолог және кардиохирургиялық көмекті штаттан тыс бас кардиохирург (республиканың, облыстың, қаланың) үйлестіреді.

Кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерінің құрылымдары мен штат саны басшымен жүргізілген емдеу-диагностикалық жұмыстың көлеміне, қызмет көрсетілетін халықтың саны мен штат нормативтеріне қарай белгіленеді.

4. Халыққа кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастыратын көмек нысанындағы денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетеді.

Халыққа (ересектерге, балаларға) кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жоғары, қосымша және орта медициналық білім берудің, сондай-ақ ғылыми ұйымдардың клиникалық базасы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

5. Халыққа кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуді "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттарының нысандарын бекіту туралы" (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етеді.

2. Кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының негізгі міндеттері

6. Кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының негізгі міндеттері:

1) ҚАА-ның профилактикасына, сырқаттанушылыққа, мүгедектікке, өлім-жітімді төмендетуге, қантамырлық-жүрек ауруларымен (бұдан әрі - ҚЖА) ауыратын пациенттердің өмір сүру ұзақтығы мен сапасын жақсартуды ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) диагностиканың қазіргі заманғы әдістері арқылы ҚАА ерте анықтау;

3) емдеудің барлық кезеңінде сабақтастықты сақтай отырып, ҚАА мен ауыратын науқастарға сапалы жоғары білікті мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

4) тәуліктік медициналық бақылауды қажет етпейтін емдеудің барлық кезеңінде сабақтастықты сақтай отырып, ҚАА мен ауыратын пациенттерге стационарды алмастыратын және оңалту көмегін ұйымдастыру және көрсету;

5) ҚЖА-мен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

6) өз қызметінде басқа денсаулық сақтау ұйымдарымен ҚАА-мен ауыратын науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету мәселесі бойынша өзара іс-қимыл мен сабақтастық;

7) инновациялық медициналық технологияларды ҚАА диагностикасы мен еміне енгізу болып табылады.

3. Кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымы

7. Кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына:

1) кардиологиялық орталық және/немесе диспансер;

2) кардиохирургиялық орталық;

3) құрылымында өзіне жүктелген функцияларына қарамастан мыналар ұйымдастырылатын медициналық ұйымдар кардиология және/немесе

интервенциялық кардиология бөлімшесі, стационарлық медициналық ұйымдардың кардиохирургиялық бөлімшесі, қалпына келтіре емдеу және оңалту бөлімшесі, кардиологиялық кабинет жатады.

4. Кардиологиялық орталық және/немесе диспансер

8. Кардиологиялық орталық және/немесе диспансер облыстық, қалалық және республикалық деңгейлерде ЖҚА ауруымен ауыратын науқастарға мамандандырылған және/немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін өңір халқының ерекшелігі мен қажеттілігін есепке ала отырып, дербес денсаулық сақтау ұйымдары ретінде құрылады.

9. Кардиологиялық орталық және/немесе диспансер мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулық, ЖҚА ауруымен ауыратын науқастарды профилактикалау, диагностикалау, емдеу, оңалту және диспансерлік бақылау бойынша емдеу-профилактикалық ұйымдардың жұмысының, оның ішінде жедел медициналық жәрдем, санитариялық және амбулаториялық-емханалық буын қызметінің сапасы мен тиімділігін бағалау;

2) ЖҚА бастапқы және қайталама профилактика жөніндегі іс-шараларды үйлестіру, ұйымдастыру және өткізу;

3) ЖҚА-нан сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің және өлім-жітімнің негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштердің мониторингі мен талдауы (госпиталға дейінгі және госпиталдық);

4) ҚЖА-дан сырқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендетуге бағытталған мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды іске асыру;

5) медициналық ұйымдар мен медициналық қызметтерге, сондай-ақ оқу орындарына халыққа кардиологиялық көмек көрсету мәселелері бойынша консультациялық, практикалық және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

6) медициналық көмек көрсету хаттамалары мен стандарттарын және дәрілік заттардың формулярларын әзірлеуге қатысу;

7) ЖҚА-мен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету саласында клиникалық практикаға қазіргі заманғы жетістіктерді енгізу және оларды қолдану тиімділігіне талдау жүргізу;

8) емдеуге жатқызу кезеңінде медициналық көмек көрсету және ҚЖА-мен ауыратын науқастарды оңалтудың санаторийлік-курорттық және амбулаториялық кезеңдерін ұйымдастыруды бағалау;

9) ЖҚА зардап шегетін науқастарды диспансерлік бақылауды ұйымдастыру;

10) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүзеге асыру;

11) денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы буын, жедел медициналық жәрдем дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлерінің кардиология мәселесі бойынша біліктілігін арттыруға қатысу;

12) бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін тарта отырып, халықты ҚЖА профилактикасы мәселесі бойынша гигиеналық тәрбиелеуге қатысу;

13) мамандардың біліктілігін арттыруды жоспарлау және оларды тиісті циклдерге дипломнан кейінгі білім беру ұйымдарына жіберу;

14) ҚЖА-дан сырқаттанушылықты, таралушылықты, мүгедектікті және өлім-жітімді талдау және денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттарының нысандары бойынша есептерді құрастыру;

15) ҚЖА-мен ауыратын науқастарға диагностикалық және емдеу көмегін көрсетудің көлемі мен сапасын талдау;

16) ҚЖА-мен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетудің сапасын тексерулерге қатысу;

17) ҚЖА-мен ауыратын науқастарға медициналық көмектің әртүрлі түрлеріне, сондай-ақ жабдыққа, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға республиканың, облыстың, қаланың мұқтаждығы бойынша ұсыныстарды енгізу;

18) ҚЖА-мен ауыратын науқастарды диагностикалау, емдеу және оңалтудың инновациялық әдістерін енгізу;

19) кардиологияның өзекті мәселелері бойынша мастер-кластар, тренингтер ұйымдастыру және өткізу;

20) өңірлерге шыға отырып, консультациялық, ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

21) кардиологиялық науқастарға медициналық көмекті ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізу-күндізгі стационарлар, үйдегі стационарлар, тәуліктік болу стационарлары;

22) ҚЖА-мен ауыратын науқастар үшін оқыту бағдарламаларын кеңінен енгізу арқылы (артериялық гипертензия мектептері және басқалар) ҚЖА профилактикалауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

23) медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсетудің амбулаториялық және стационарлық кезеңдерінде жіті коронарлық синдромымен (бұдан әрі – ЖКС) ауыратын науқастарға тромболитикалық терапия жүргізуді қамтамасыз ету.

10. Кардиологиялық орталықтың және/немесе диспансердің құрылымында мыналарды көздеу ұсынылады:

әкімшілік-шаруашылық бөлігі;

ұйымдастыру-әдістемелік бөлім (кабинет);

амбулаториялық-емханалық бөлімше (кардиологиялық кабинет);

стационарлық бөлімше (кардиология, қалпына келтіру емі және оңалту);

диагностикалық құрылымдық бөлімшелер (кабинеттер, зертхана, бөлімше);
интервенциялық кардиология бөлімшесі;
оңалту бөлімшесі.

5. Кардиохирургиялық орталық

11. Кардиохирургиялық орталық (бұдан әрі – Орталық) облыстық, қалалық және республикалық деңгейлерде ЖҚА ауруымен ауыратын науқастарға мамандандырылған және/немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін дербес денсаулық сақтау ұйымдары ретінде немесе көп бағдарлы ауруханалардың құрамында құрылымдық бөлімше ретінде құрылады.

12. Кардиохирургиялық орталық мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) кардиохирургиялық бейін және интервенциялық кардиология бейіні бойынша емдеуге жатқызу және операциялық араласулар (ересектер мен балаларға) орындау;

2) операциядан кейінгі кезеңде ЖҚА-мен ауыратын науқастарды ете оңалтудың госпиталдық кезеңін жүзеге асыру;

3) ЖҚА бойынша хирургиялық араласудың қажеттілігі мен орындылығы туралы мәселелерді шешуде басқа денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігерлеріне консультациялық көмек көрсету;

4) денсаулық сақтау ұйымдарында емдеу-диагностикалық жұмыстың сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және өткізу;

5) профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен оңалтудың жаңа тиімді әдістерін жүйелі игеру және практикаға енгізу;

6) өңірлерге шыға отырып, консультациялық-диагностикалық, ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

7) кардиохирургияның және интервенциялық кардиологияның өзекті мәселелері бойынша мастер-кластар, тренингтер ұйымдастыру және өткізу;

8) күрделі диагностикалық жағдайлар кезінде консилиумдар өткізу;

9) ЖҚА-дан сырқаттанушылықты, таралушылықты, мүгедектікті және өлім-жітімді талдау және "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттарының нысандарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына сәйкес есептер әзірлеу;

10) ЖҚА-мен ауыратын науқастарды диагностикалау және хирургиялық көмек көрсету мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігін арттыруға қатысу;

11) пациенттер мен олардың туыстарын санитариялық-гигиеналық ағарту жөніндегі іс-шараларды өткізу;

12) негізгі аурулары кезінде мінез-құлықтық қауіп факторларының профилактикасын қамти отырып, саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

13) медицина қызметкерлері мен дәрігерлік кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға және тақырыптық жетілдіруге қатысу;

14) өңірлік, республикалық және халықаралық форумдарға, съездерге, семинарлар мен конференцияларға, кеңестер мен тренингтерге қатысу;

15) республикалық және халықаралық ұйымдармен кардиохирургиялық және интервенциялық кардиология мәселелері бойынша республикалық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл;

16) ҚЖА-дан сырқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендету жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру үшін ведомствоаралық өзара іс-қимыл.

13. Орталық функциясын қамтамасыз ету үшін оның құрамында мыналарды көздеу ұсынылады:

консультациялық-диагностикалық бөлімше (емхана, функциялық диагностика бөлімшесі/кабинеті);

қабылдау бөлімшесі;

операциялық блок;

қарқынды терапия блогы/палатасы;

анестезиология-реанимация бөлімшесі;

сәулелік диагностика бөлімшесі (қызметі) (рентгендиагностика, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография, ультрадыбыстық диагностика);

эндоскопиялық бөлімше (кабинет);

қан құю бөлімшесі (кабинеті);

клиникалық-диагностикалық зертхана;

кардиохирургиялық бөлімше (ересектер, балалар);

кардиология бөлімшесі (ересектер, балалар);

қалпына келтіре емдеу және оңалту бөлімшесі (ересектер, балалар);

жүрек ырғағының бұзылуларын хирургиялық емдеу және электрокардиостимуляция бөлімшесі немесе зертханасы;

интервенциялық кардиология бөлімшесі;

қан тамырлық хирургия бөлімшесі;

зарарсыздандыру бөлімшесі.

14. Медициналық ұйымдарда мыналарды анықтау/өткізу шұғыл (тәуліктік, оның ішінде демалыс және/немесе мереке күндері) және жоспарлы тәртіпте

органдардың және жүйелердің операцияға дейінгі және кейінгі кезеңдегі функциялық жағдайын бағалау үшін қажетті зертханалық зерттеулер:

электрокардиограммалар мен оның талдауы;
эхокардиографиялар;
гастродуоденоскопиялар;
бронхоскопиялар;
қантамырлық ультрадыбыстық зерттеулер;
ангиокардиографиясымен жүрек қуысын катетерлеу;
микроультрафильтрлеу мен диализ;

альбуминдік диализ (молекулалық адсорбциялайтын рециркуляциялаушы жүйені пайдалана отырып);

экстракорпоралдық мембралық оксигенация;
ауортаішілік контрпульсация;
электрокардиостимуляторды қондыру;
емдеудің рентгенэндоваскулярлық әдістері қамтамасыз етіледі.

15. Медициналық ұйымдарда жоспарлы тәртіпте мыналарды анықтау/өткізуі:
электрокардиограммаларды тәуліктік мониторинг;

тредмилдің және/немесе велоэргометрдің негізінде эргометриялық зерттеу (стресс-тесттер, спироэргометрия);

электрофизиологиялық зерттеу;
артериялық қысымды тәуліктік мониторинг;

жүрекшілік зерттеулер кабинеті жағдайында ангиокардиографиямен жүрек қуысын катетерлеу;

компьютерлік және магниттік-резонанстық томография қамтамасыз етіледі.

6. Кардиологиялық бөлімше

16. Кардиологиялық бөлімше республика, облыс, қала халқына (ересектерге немесе балаларға) көп бейінді стационарлық немесе стационарды алмастыратын көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

17. Кардиологиялық орталық мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мынадай аурулары мен жағдайлары бойынша науқастарға мамандандырылған және/немесе жоғары мамандандырылған көмек көрсету:

туа біткен жүрек ақауы (бұдан әрі – ЖҚА);

жүре пайда болған жүрек ақауы;

МЖИ - миокардтың жіті инфаркті, тұрақсыз стенокардия;

оның ағымы ауырлаған жағдайда немесе диагностика мен емдеудің интервенциялық әдістерін жүргізуге даярлықты талап ететін, сондай-ақ тек стационар жағдайында орындалуы мүмкін диагностикалық рәсімдерді

орындауды талап ететін жүректің ишемиялық ауруының (бұдан әрі – ЖИА) созылмалы нысаны;

симптоматикалық артериялық гипертония (бұдан әрі – АГ);

2-3-дәрежелі рефрактерлік артериялық гипертония;

декомпенсация кезеңінде немесе стационар жағдайында диагностикалық рәсімдерді орындауды талап ететін өкпелік гипертензия;

асқыну кезеңіндегі жіті миокардит және созылмалы миокардит;

стационар жағдайында диагностикалық және емдеу рәсімдерін орындауды талап ететін кардиомиопатия;

стационар жағдайында диагностикалық және емдеу рәсімдерін орындауды талап ететін жүрек ырғағының және өткізгіштігінің бұзылуы;

декомпенсация сатысында жүрек функциясының созылмалы жетіспеушілігі;

тән емес этиология перикардиті;

инфекциялық эндокардит;

коронарлық және/немесе жүрек және/немесе церебралдық қантамырлық жетіспеушіліктің тұрақсыз гемодинамикасымен және/немесе күшеюімен жүрек ырғағының және өткізгіштігінің бұзылуы;

жіті жүрек функциясының жетіспеушілігі (кардиогендік шок, жүрек демікпесі, өкпенің ісінуі, қантамырлық коллапс);

асқынған гипертониялық криздер (жүрек жағының асқынулар);

өкпе артериясының тромбоэмболиясы немесе оны алып тастау қажеттілігі;

2) шұғыл тәртіппен және тәуліктің кез келген уақытында (қарқынды терапия блогы бөлімшесінің құрамында (бұдан әрі – ҚТБ) шұғыл іс-шараларды орындау;

3) науқастарда интервенциялық және кардиохирургиялық араласуларды жүргізу үшін айғақтары болған жағдайда, оларды осы стационардың тиісті бөлімшелеріне жіберу, ал олар болмаған жағдайда кардиологиялық және интервенциялық кардиологиялық (рентгенэндоваскулярлық) көмек көрсететін басқа медициналық ұйымның тиісті бөлімшелеріне жіберу;

4) ЖҚА-мен ауыратын науқастарды оңалтудың госпиталдық кезеңін жүзеге асыру;

5) ЖҚА профилактикасы, диагностикасы және емдеу мәселелерінде стационардың басқа бөлімшелерінің дәрігерлеріне консультациялық көмек көрсету;

6) медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру және ҚЖА-нан ауруханалық өлім-жітімді төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және өткізу ;

7) ЖҚА-мен ауыратын науқастарды диагностикалау және медициналық көмек көрсету мәселесі бойынша қызметкерлердің кәсіптік біліктілігін арттыруға қатысу;

8) ЖҚА-мен ауыратын науқастардың профилактикасының, диагностикасының, емдеу мен оңалтудың жаңа тиімді әдістерін жүйелі игеру және практикаға енгізу;

9) ҚЖА профилактикасы бойынша пациенттермен санитариялық-гигиеналық ағарту жұмысын жүргізу.

18. ЖҚА-мен ауыратын науқастарға шұғыл көмек көрсету үшін кардиологиялық бөлімшеде 6 төсектік қарқынды терапияның 1 төсегі есебінен ҚТБ құру ұсынылады.

19. ҚТБ құрылымының бөлімшесі мен медицина және өзге де қызметкерлердің штат саны штат нормативтерін ескере отырып, өткізілген емдеу-диагностикалық жұмыстың көлеміне қарай анықталады. Бөлімшенің және ҚТБ құрамында кезекші зертхана, рентген кабинеті, рентгенэндоваскулярлық диагностика мен емдеу кабинеті қосымша кіруі мүмкін.

20. Кардиология бөлімшесі (ересектер немесе балалар) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес Кардиология бөлімшесіне (ересектер немесе балалар) арналған жабдықтардың ең төменгі тізбесімен қамтамасыз етіледі.

21. Стационарлық денсаулық сақтау ұйымдарында кардиологиялық бөлімше болмаған жағдайда кардиологиялық төсектер терапиялық бөлімшелердің құрамына ашылуы мүмкін.

7. Интервенциялық кардиологиялық бөлімше

22. Интервенциялық кардиологиялық бөлімше кардиохирургиялық орталықтың немесе кардиологиялық орталықтың (диспансердің) базасында немесе көп бейінді денсаулық сақтау ұйымының құрамында құрылады.

Интервенциялық кардиологиялық бөлімшесі жүрек және қан тамырлар ауруларын диагностикалау және емдеуді рентгенохирургиялық (рентгенэндоваскулярлық) әдістермен теріарқылы коронарлық катетерлеу бойынша қамтамасыз етеді.

23. Интервенциялық кардиологиялық бөлімшенің негізгі функциялары:

1) ЖҚА, оның ішінде ЖКС-пен ауыратын пациенттерге стационарлық және консультациялық-диагностикалық медициналық көмек нысанында жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету (ЖКС симптомдары пайда болған сәттен бастап коронарлық стент қойғанға дейін кемінде 2 сағатты құрауы тиіс, "есік-баллон" уақыты – электрокардиограммада (бұдан әрі – ЭКГ) ST-T сегментінің көтермесімен ЖКС кезінде бастапқы теріарқылы коронарлық араласу кезінде кемінде 90 минут);

2) практикаға ЖҚА-мен ауыратын науқастарды диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

3) күрделі диагностикалық жағдайлар кезінде консулиумдар өткізу;

4) қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға, медицина қызметкерлерін және дәрігерлік кадрларды мамандандырудан өткізу және тақырыптық жетілдіру;

5) интервенциялық кардиология (рентгенэндоваскулярлық хирургия) мәселелері бойынша республикалық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл болып табылады.

24. Интервенциялық кардиологиялық бөлімшесінде тәуліктік үзіліссіз жұмыс режимімен 250 мың халыққа 1 ангиографиялық қондырғының есебінен ангиографиялық операция бөлімі құрылады.

25. Интервенциялық диагностикалық және емдеу араласуларын орындау кезінде операция жасау бригадасының құрамына 2 интервенциялық кардиолог (немесе интгенэндоваскулярлық хирург) дәрігер, 1 анестезолог-реаниматолог, 1 кардиолог дәрігер, 1 операциялық мейірбике, 1 анестезист мейірбике, 1 рентген зертханашы, 1 санитар кіреді.

26. Интервенциялық кардиологиялық бөлімше осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес Интервенциялық кардиологиялық бөлімшесі жабдықтарының ең төменгі тізбесімен қамтамасыз етіледі.

8. Стационарлық медициналық ұйымдардың кардиохирургиялық бөлімше

27. Стационарлық медициналық ұйымдардың кардиохирургиялық бөлімше жүре пайда болған жүрек-қантамырлық жүйе патологиясымен ауыратын пациенттерге (ересектер және балалар) және жасына қарамастан ТЖА-мен ауыратын пациенттерге интервенциялық араласуларды қоса алғанда, консультациялық-диагностикалық, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған кардиохирургиялық көмек көрсету үшін кардиохирургиялық немесе кардиологиялық орталықтың немесе көп бейінді денсаулық сақтау ұйымының құрамында құрылымдық бөлімше ретінде құрылады.

28. Кардиохирургиялық бөлімшенің негізгі функциялары:

1) ЖҚА-мен ауыратын науқастарға, оның ішінде жаңа туған нәрестелерге сапалы емдеу-диагностикалық, кардиохирургиялық көмек көрсету;

2) практикаға ЖҚА-мен ауыратын науқастарды диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

3) күрделі диагностикалық жағдайлар кезінде консилиумдар өткізу;

4) негізгі аурулары кезінде мінез-құлықтық қауіп факторларының профилактикасын қамти отырып, саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

5) медицина қызметкерлері мен дәрігерлік кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға және тақырыптық жетілдіруге қатысу;

6) кардиохирургияның, оның ішінде қазіргі заманғы неонаталдық кардиохирургияның өзекті мәселелері саласында ғылыми зерттеулер жүргізу,

профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен оңалтудың жаңа тиімді әдістерін жүйелі игеру және практикаға енгізу;

7) шақырту бойынша шығу және ауыр ТЖА-мен ауыратын жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсету үшін құрамында кардиолог немесе кардиохирург, кардиореаниматолог дәрігері бар мамандандырылған балалар кардиохирургиясы бригадасын ұйымдастыру;

8) кардиохирургия мәселелері бойынша республикалық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл.

29. Кардиохирургиялық бөлімше (ересектер, балалар) бөлімшедегі 12 төсекке және реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде 4 төсекке 1 операциялық бөлім есебінен құрылады.

30. Кардиохирургиялық бөлімшенің жанынан жылына 400 пациентке 1 операциялық бөлім есебінен операциялық бөлім құрылады.

31. Кардиохирургиялық бөлімше (ересектер, балалар) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес жабдықтардың ең төменгі тізбесімен қамтамасыз етіледі.

32. ТПЖ кезінде операциялық араласулардың күрделілігін бағалау үшін осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Туа біткен жүрек ақауы кезінде жүргізілген операциялық араласулардың күрделілігін бағалау үшін Аристотельдің базалық шкаласы пайдаланылады. Балалар кардиологиялық бөлімшесі жұмысының сапасын объективтеу үшін теңдік бойынша есептелетін тиімділік ретіндегі мынадай өлшем пайдаланылады: $(\text{Күрделілік} - \text{базалық шкаланың баллы}) \times (\text{Өмір сүрушілік}) / 100 = (\text{Операциялардың тиімділігі})$.

9. Қалпына келтіре емдеу және оңалту бөлімшесі

33. Қалпына келтіре емдеу және оңалту бөлімшесі (ересектер, балалар) кардиохирургиялық орталықтың (диспансердің) құрылымдық бөлімшесі ретінде және республиканың, облыстың, қаланың деңгейінде көп бағдарлы ауруханалардың құрамында құрылады.

34. Қалпына келтіре емдеу және оңалту бөлімшесі мынадай мынадай ауруларымен және жағдайлармен науқастарға сапалы оңалту көмегін көрсетуді жүзеге асырады:

жүректің ишемиялық ауруымен ауыратын науқастарды аортокоронарлық шунттаудан кейінгі жағдай;

коронарлық тамырларды стенттеу мен ангиопластикадан кейінгі жағдай;

жүректің созылмалы ревматикалық ауруларымен ауыратын науқастардың жүрек қақпақшаларын протездеуден кейінгі жағдай;

жүрек камераларының аномалиялары, ақауларын түзегеннен кейінгі жағдай;

кардиовертер - дефибриляторды импланттаудан кейінгі жағдай;

электрокардиостимуляторды импланттаудан кейінгі жағдай;

радиожилілік аблациядан кейінгі жағдай;

хирургиялық емдеусіз бастан өткерген жіті коронарлық синдромнан кейін;

I-II сатыдағы жүрек функциясының жетіспеушілігі бар 3-дәрежелі артериялық гипертония;

жасөпірімдердің қатерлі артериялық гипертониясы;

I-II сатыдағы жүрек функциясының жетіспеушілігі бар созылмалы өкпелік жүрек;

бастапқы өкпелік гипертония;

бастан өткерген жіті миокардиттен немесе созылмалы миокардиттің асқынунан кейін;

II-III сатыдағы жүрек функциясының жетіспеушілігі бар кардиомиопатия;

бастан өткерген перикардиттен кейін (тән емес этиология);

инфекциялық эндокардиттен кейін;

жүрек ырғағының және өткізгіштігінің күрделі бұзылуларын консервациялық немесе өзге емдеуден кейін.

35. Қалпына келтіре емдеу және оңалту бөлімшесі сонымен қатар келесі қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етеді:

ЖҚА-мен ауыратын науқастарға денсаулық сақтау саласындағы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету;

стационардың басқа бөлімшелерінің дәрігерлеріне ҚЖА профилактикалау, диагностикалау мен емдеу мәселелерінде консультациялық көмек көрсету;

ЖҚА-мен ауыратын науқастарды оңалтудың жана тиімді әдістерін жүйелі игеру мен практикаға енгізу;

кардиохирургия мәселелері бойынша республикалық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл.

10. Кардиологиялық кабинет

36. Кардиологиялық кабинет (бұдан әрі - Кабинет) халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымның және стационарлық көмек көрсететін ұйымның құрылымында - көп бағдарлы ауруханаларда, кардиохирургиялық орталықтарда, кардиологиялық орталықтарда (диспансерлерде) құрылады.

37. Кабинеттің негізгі функциясы:

1) ЖҚА-мен ауыратын пациенттерге және жоғары жүрек-қантамырлық қауіпі бар тұлғаларға амбулаториялық-емханалық көмек көрсету;

2) кейіннен сауықтыра отырып және денсаулықты қалпына келтіруге және нығайтуға бағытталған медициналық, әлеуметтік, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізе отырып, ЖҚА-мен ауыратын науқастарды диспансерлік есепке алуды және динамикалық бақылауды қамтамасыз ету;

3) артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруларын және олардың даму қаупі факторларын ерте анықтау және болдырмау үшін тіркелген ересектердің арасында скринингтік тексеріп-қарауларды ұйымдастыру және өткізу;

4) ЖҚА-мен ауыратын науқастарға госпиталға дейінгі кезеңде уақтылы тромболитикалық терапия жүргізу;

5) ЖКС-мен ауыратын пациенттерді уәкілетті орган белгілеген тәртіпте бекітілген ЖКС-мен ауыратын пациенттерді тексеру алгоритміне сәйкес емдеу;

6) қайтыс болу диагнозы мен өлімнің нақты себептеріне сәйкес ЖҚА-нан қайтыс болу туралы куәлікті беру дұрыстығын қамтамасыз ету;

7) уәкілетті орган белгілеген тәртіпте бекітілген алгоритмге сәйкес ҚЖА-ның қауіп факторлары бар адамдарды уақтылы анықтау үшін амбулаториялық-емханалық ұйымның дәрігерге дейінгі кабинетінің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

8) ҚЖА-мен ауыратын санаторийлік-курорттық емдеуге іріктеу және жіберу;

9) мүдделі бейінді мамандармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен ЖҚА-мен ауыратын науқастарды емдеудегі байланыс пен сабақтастықты қамтамасыз ету;

10) ҚЖА-дан сырқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендетуге бағытталған мемлекеттік және өңірлік нысаналы бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

11) тіркелген халықтың денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды кейіннен әзірлей отырып, қызмет көрсету ауданында ҚЖА-дан сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің және өлім-жітімнің (госпиталға дейінгі және госпиталдық) негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштерінің мониторингі мен талдауы;

12) ҚЖА-мен ауыратын науқастар үшін мектептің жұмысын ұйымдастыру (артериялық гипертониямен, жүректің ишемиялық ауруымен, жүрек функциясының жетіспеушілігімен, кенеттен жүректен қайтыс болудың жоғары қаупімен);

13) ҚЖА-мен ауыратын науқастарды кардиологиялық, кардиохирургиялық бөлімшеде стационарлық емдеуге консультацияға және/немесе стационарлық емдеуге іріктеу және жіберу;

14) медициналық айғақтар бойынша тәуліктік медициналық бақылауды қажет ететін пациенттерге стационарды алмастыратын және оңалту көмегін ұйымдастыру және көрсету;

15) амбулаториялық кезеңде ҚЖА-мен ауыратын пациенттерді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік заттарға және медициналық мақсаттағы бұйымдарға өтініштер әзірлеуге қатысу;

16) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүзеге асыру;

17) практикаға ҚЖА-мен ауыратын науқастарды диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

